

# СҮМБІЛЕ

The background is a dark, monochromatic collage of futuristic and space-related elements. It includes a satellite with solar panels, a planet with a ring system, a bright star, and a tall, lattice-like tower structure. The overall aesthetic is high-tech and sci-fi.

№2 (5)

4.08.05

Ғылыми-танымдық басылым материалдарының авторы жазушы-фантаст Жүніс САХИЕВ



Кажымұқан

Шам сәулесін шағылыстырмайтын қатқыл қамыстан тығыз тоқылған көлемі 8x8 шаршы метр кілемнің үстін баққан мың-сан жанкүйерлерден көз сүрінеді. Бәрі де күрделі де қатерлі күрестің тезірек басталуын ішкі қызығушылық пен қобалжу сезімімен қалауда. Жапон тілімен айтқанда, Дзю-дзюцу, қазақшалағанда қарусыз қорғаныс және шабуыл деген мағына беретін бұл күрес түрі жергіліктілерге ертеден белгілі болатын. Дзю-дзюцуды феодалды Жапонияның билеушілері самурайлар қолданған. Күрестің негізгі шарттары мен әдістері XII ғасырда Қытайдан алыныпты.

Күрес өтетін орынға жиналғандардың бәрі дерлік бұл тарихи деректерден жақсы хабардар. Тек көз алдарындағы кілем үстінде күресетін балуандардың қандай әдіс-айла қолданатындарын айқын біле бермейді. Сәлден соң төбе тұстағы шамдар өлеусіретіліп, аренадағы шам жарқырай түсті. Сол кезде төрешілер алқасы да, өздерінің тиесілі орындарына келіп жайғасты. Артынша қабырғалардың әр жер, әр жеріне орнатылған дыбыс күшейткіштерден хабарлаушының жапон тіліндегі сөздері саңқылдап жөнелді. Меймандар ол сөздерді орындықтарындағы құлаққа ілгіштері арқылы өз тілдерінде тыңдап отырды.

– Күрметті күрес өнерінің жанкүйерлері, меймандар! Бүгін сіздер күрестің ерекше түрінің куәгері болғалы отырсыздар! Мұның спорттық күрестерден көп айырмашылығы бар. Мұнда адам

денесінің осал деген жерлеріне соғу, тебу, ұйқы артериясын қысу, бауырға тебу, аяқ-қолдардың буынды тұстарын оқыс бұрап жіберу, күрт майыстыру, көз ілеспейтін жылдамдықпен шабуыл жасау, қарсыласының тыныс жолдарын тарылту және осыларға сәйкес қорғаныс әдістері қолданылады.

## Жарық жұлдыз

қызыл қоңыр, ең соңында қара белбеу тағатынын өздеріңіз жақсы білесіздер»,- деп аяқтады ол сөзін Жанкүйерлер балуанның жетістіктерінен хабардар болса да мына күресте оның қандай күйге түсерін көз алдарына елестеткендей болып, сәл кідіріп барып ду қол соғып жіберді. Балуан халыққа

та кетті. Халық арасынан: "Саракики! Саракики!" деген дауыстар хорға айнала шығып, кең үйдің ішін жаңғырықтырды. Төреші бұл құрметті жақсы түсініп тұрса да уақыт жоғалту үшін жанкүйерлерден тыныштық сақтауларын өтініп, Саракики Жендофудың "қара белбеулі" балуан екенін қысқ-



Саракики

аяғының ұшымен теуіп кеп қалғанда денесінің бір бөлігі жансызданып қалғандай күй кешті бұл Бірақ сыр берген жоқ. Ара-тұра өзі де шабуыл жасады. Ол су жұқпас үйректі ұстатар емес. Біресе оң жағына, біресе сол жағына шығып, қарымды екі қолының саусақтарымен денеден іліккен жерді жұлып алуға дайын.

Оның әрбір шабуылына жанкүйерлер дем беріп шулап отырды. Ал, бұл шабуылға көшкенде шу саябырсып қалады кәдімгідей. Бірақ қазақ балуаны ол құрметті елеген жоқ. Дәл мұндай күресте болмаса да, әлем чемпионатының аренасында ушудың талайын көрген. Қазіргі мәселе – қарсыласының әлсіз жерінен қармау. Сондай мақсатпен шабуылға көшкенде ерекше жылдамдықпен атылып келген Саракикидің өз мойнына қос қолымен бұре жабыса кеткенін аңғармай қалды. Бүркіттің саусақты аяқтары сияқты батып барады. Құдай сақтағанда, мойны жуан болғандықтан қарсыласының саусақтары ұйқы тамырын баса алмады. Қаны қайнаған қазақ балуаны тез айналып барып сілкіп кеп қалғанда, Саракики анадай жерге ұшты. Бірақ төрт аяғын жоғары қарата тастап жіберсең де сол төрт аяғымен неқ түсе қалатын мысық сияқты қарсыласы ойнақтап шабуылға қайта көшті.

(Жалғасы 2-бетте).

# Қажымұқанның қатерлі күресі

Күрес ерекше күш-қуат пен батылдықты, жеңемін деген сенімді талап етеді. Дзю-дзюцу шарты бойынша, екі балуанның бірі зақымданғанда және мерт болған жағдайда ешкімге жауапкершілік жүктелмейді. Бұл шартқа екі балуан да қол қойды. Олар шаршы кілемге шығуға дайын.

Жұрт ду қол соғып тез тына қалды. Аренаға жанкүйерлерге етене таныс емес, бірақ денесі ерекше еңселі, қоңыр көзді, қара мұртты, батыр тұлғалы балуан төрешімен бірге шықты. Төреші балуанның оң қолынан ұстап тұрып жапон тілінде оның Ресей балуандарының құрамында келгенін, есімінің "Қара Иван" екенін айтып өтті. Еркін, классикалық күрестен әлем чемпионаттарында бірнеше дүркін жеңімпаз екенін, сол сепелті балуан киген ақ шалбар мен кимоноға – жапонның шапан төрізді ақ көйлегіне қоңыр белбеудің тағылатынын түсіндірді. «Дзю-дзюцу күресіне алғаш қатысқан балуан ақ белбеу, жеткен жетістігіне қарай сары,

қарай сәл иіліп ілтипат көрсетіп барып кілемнің өзі келген шетіне қарай ығысты.

Төреші кілемнің екінші жағына көз тастады. Сол-ақ екең, екі қол-білегін жоғары көтеріп,



қайта түсіріп, мүсіні сымбатты, қара мұртты балуан шыға келді. Жанкүйерлер дуылдатып қол соғып, кейбіреулері орындарынан тұрып

аша түсіндіріп өтті. Балуан елге қарап сәл бас иіп, кейін шегінді.

Осыны күтіп отырған төрешілер алқасы күрестіруші төрешіге "Бастауға болады" деген белгі берді. Үй іші шыбын ызың естілердей тынышталды. Тап жанкүйерлердің бәрі де сыртқа шығып кеткендей. Арнайы дабыл берілді. Күрес басталып кетті. Саракики Жендофу арыстандай атылып кілем ортасына шықты. Қазақ балуаны оған селт еткен де жоқ. Өзін-өзі қорғанысқа дайындап, сәтті мүмкіндіктерді барлады. Күрестің шарты белгілі. Аяу, кешіру деген болмайды. Сонда да болса, қаны қазақ, жаны таза болған соң ба, титтейнен алған тәлім-тәрбиесі "адам баласына ешқашанда жамандық жасама, қан төкпе" болған соң ба, қарсыласын ө дегеннен көтеріп алып еденге бір-ақ ұра салуды артық санады.

Соны байқаған әккі қарсыласы шабуылын үдете түсті. Шыр айналып келіп, бауыр мен бүйрек тұсынан бір-екі рет

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Қиян-кескі алыс-жұлыс басталды. Қарсыласының екі қолы жезтырнақтың қолдарындай жылдам. Бұл да оның жанды жерінен ұстамаққа ұмтылып еді, кеңет сол құлағының тыз ете түскенін, көз алдының сәл қарауытқандай болғанын бір-ақ сезді. Қып-қызыл қан судай саулап жөнелді. Таптаза кимононың омырауы мен сол иығы қызылға боялды. Жанкүйерлер улап-шулап жатыр. Саракики оларға қарап қос қолын көтеріп қойып шабуылын одан әрі жалғастырып кетті.

Қазақ балуанын ашу қысты. Осы кезге дейін тек белдесіп, әдіс-айла қолданып, қарсыласын құшақтай кілем үстіне құлатып, жауырынын тигізе басып отырып төрешінің белгісін күтетін балуанға бұл жауыздық әрекет еді.

Оның үстіне адам баласының дәл мұндай жылдам қозғала алатынын алғаш кездестіруі.

Балуан осыны ойлап үлгергенше Саракики тағы да өзіне қарай атылып үлгерді. Бұл жолы ол балуанды құшақтай келіп, оң қолының саусақтарымен жоғарғы ерніне бас салды. Қазақ балуаны басын кейін қарай шалқайтып үлгергенше қарсыласы еріннің бір бөлігін жұлып әкетті. Тағы да қан. Жылымшы судай төменгі ерніне құйылып, одан әрі көңірдекті қуалай кеудеге кетіп жатыр. Саракикидің екі көзі қысыңқылана түсіп, ішінде кеткен бір өкінішті сездіргендей қазақ ба-

# Қажымұқанның төресі



луанына жақтырмай қарады. Оның бұл әрекеті қазақ балуанына түсінікті болды. Тұла бойын ыза-кек кернеді. Іштей ата-баба рухтарына сыйынып, шешуші шабуылға әзірленді. Сол сәтті күткендей қарсыласы да атылып келіп қалған екен. Бұл оның қос қолын қатты екпінмен қағып жіберген мезетте ол сәл айнала берді. Қазақ балуаны оның мойнынан қос қолдап ұстап, оң жағындағы ұйқы тамырын қысып кеп қалды. Саракики сәл есеңгірегендей күй кешті. Сол замат бұл тез қимылдап оң ұғына қарай оңтайлап, сол қолының қырын тамағына тақап, оң қолының ірі саусақтарымен жоғарғы ернінен қарымдай ұстап бет-терісін басына қарай бір-ақ сыпырды.

Саракикидің аузынан қарақошқыл қан лақ етті, бет-әлпеті қызыл етке айналды. Есінен танып, қазақ балуанына сүйене құлай бергенде жанкүйерлер жақ-

тан жанұшырып айғайлаған әйел дауыстары шықты. Балуан Саракикидің денесін тік көтеріп алды да еденге қарай лақтырып жіберді. Жапон балуанының кимоносы шалбарымен бірге қызыл қанға бөгіп, қара белбеуінің түсімен тұтасып кетті. Жұрт дүркірей орындарынан көтерілді. Төрешілер алқасы да естерінен танғандай мең-зең. Тек орыс балуандары ғана тез келіп қазақ балуанын қоршап алды. Саракики Жендофудың денесін дәрігерлер тез зембілге салып әрі әкетті. Қазақ балуанына дәрігерлік ем жасалды...

**Жанкүйерлер мен күллі жапон халқы содан кейін қара белбеулі Саракики Жендофумен белдесуге батылдары бармаған орыс балуандарының ішінен суырылып шығып жеңіске жеткен ғаламат күш иесінің қай елдің өкілі екенін білуге құштар болды. Оны тапты да. Ол қазақтың әйгілі балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлы еді. Оған 1927 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитеті “Қазақ даласының батыры” атағын берді.**

**Ал, Жапонияда Саракики Жендофу өлімінен кейін Дзюдзюү күресінің адам өміріне қатер төндіретін шарттары алып тастап, спорттық Дзю-до күресіне айналдырды.**

*Қажымұқан жөніндегі Интернет мәліметтері негізінде жазылды.*